

Қарағанды облысы білім басқармасының Балқаш қаласы білім бөлімінің
«Бауыржан Момышұлы атындағы жалпы білім беретін мектебі» ҚММ
Қамқоршылық кеңесінің кезектен тыс отырысының
№2 хаттамасының көшірмесі

Күні: 19.02.2024ж.

Қатысты:

Мектеп директоры: А.Абдуалиева

Қамқоршылық кеңес төрағасы: 1

Қамқоршылық кеңес мүшелері: 8

Күн тәртібінде:

1. Мектеп басшысының мектептің өзін өзі бағалау нәтижесі бойынша есебі
Мектеп директоры А.Т.Абдуалиева
2. Мектептің даму бағдарламасымен таныстыру
Мектеп директоры А.Т.Абдуалиева

Тыңдалды:

Мектеп директоры А.Т.Абдуалиева қамқоршылық кеңесі мүшелеріне мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың бастауыш, негігі орта және жалпы орта білім беретін оқу бағдарламаларын іске асыратын мектептің өзін-өзі бағалаудың нәтижесімен таныстырды.

Білім беру ұйымдарын бағалау өлшемшарттарына сәйкес жұмыс жүргізіліп, Қазақстан Республикасының Оқу –ағарту министрлігінің 2022 жылғы 5-желтоқсандағы №486 бұйрығына сәйкес «Бауыржан Момышұлы атындағы жалпы білім беретін мектебі» ҚММ 2024 жылғы сәуір айында мемлекеттік аттестаттаудың жоспарында көрсетілген талаптарға сай жұмыс жүргізілгенін айтты.

2023-2024 оқу жылы бойынша мектептің өзін-өзі бағалауын жүргізуге құрылған бұйрықпен таныстырып, 4-9 сынып оқушылары тестілеуден ата-аналар, оқушылар, мектеп педагогтері сауалнамадан өткендігіне тоқталды.

Мектептің жалпы сипаттамасына тоқталып, кадрлық құрамға талдау жасады. Білім алушылардың контингенті туралы мәліметтер бере отырып, мектеп басшысымен бекітілген жұмыс жоспары, сабақ кестесі, үлгілік оқу жоспары сәйкес келетіндігін айтып өтті.

Білім алушылардың рухани-адамгершілік, азаматтық-патриоттық, эстетикалық, жалпы адамзаттық құндылықтарды сіңіруге бағытталған тәрбие жұмысы іске асырылатынын, ерекше білім беру қажеттіліктері мен жеке мүмкіндіктерін ескере отырып, оқу процесі ұйымдастырылғанын, вариативті компоненттің таңдау курстары мен факультативтер кестесі бойынша жұмыс жүргізіліп отырғанын, жолда жүру ережелері міндетті оқу курсы іске асырылып отырғанын өз есебінде айтып өтті.

Мектептің өзін-өзі бағалауы бойынша барлық құжаттарын слайд арқылы көрсетті.

КӨШІРМЕ
ДҰРЫС

2. Мектептің 2024-2028 жылдарға арналған даму бағдарламасы жасалынды. Мектептің даму стратегиясы мектебіміздің жүйелілік, толық өзгерістері айқындалған басқару құжатының бірі болып табылады.

Мемлекеттің білім беру саясатының басымдықтары аталған бағдарламаны жоспарлау барысында ескеріліп, көрсетілген.

Бағдаламаның мақсат пен міндеттерінің орындалуы 5 жылға жоспарланып отыр. Даму бағдарламасы жүзеге асу барысында мектепте жаңа, позитивті, болжамбаған жаңалықтар пайда болуы мүмкін. Бұл жаңалықтарды мектеп даму бағдарламасын жүзеге асыру барысында қарастырып, талдап отыруы тиіс.

Осы бағдарлама мектептің оқу-тәрбие үрдісінде қолайлы орта құру, табысты және сапалы оқытуға жағдай жасауда қазіргі жағдайдан позитивті болжамдалған болашаққа өтуге түрткі болады.

Қамқоршылық кеңесінің мүшелері ақпаратты тыңдай отырып, өзін –өзі бағалау нәтижесі бойынша есепті және 2024-2028 оқу жылына арналған мектептің даму бағдарламасын қанағаттанарлық деп қабылдады.

Қамқоршылық кеңес отырысының шешімі:

1. Мектеп басшысының мектептің өзін өзі бағалау нәтижесі бойынша есебі қанағаттанарлық деп танылсын.

2. 2024-2028 оқу жылына арналған мектептің даму бағдарламасын қанағаттанарлық танылсын.

Қамқоршылар кеңесінің төрайымы: А.Глеуберлина

Мүшелері: Б.Мұқамедиев

Н.Максұтова

Б.Шаймерден

З.Муханова

Б.Сламбаев

П.Тамабекова

М.Олжабаева

А.Дуанбекова

Хатшы: Ж.Мустапаева

КӨШІРМЕ
ДҰРЫС